

## Қазақстанның өңдеу өнеркәсібі экспортын талдау

Түркеева К.А.<sup>1</sup>, О.Ш. Адилханов<sup>2</sup>,

### Түйін

Бұл мақалада ҚР өңдеу өнеркәсібінің қазіргі жағдайына талдау жүргізілген. Өңдеу саласын дамытудың алғышарты – мол ресурс қоры болып табылады. Теория бөлімінде осы пікірге шетелдік ғалымдардың көзқарастары зерделенеді. Өңдеу өнеркәсібінің жалпы статистикалық мәліметтері аймақ және сала бойынша салыстырылып, экспорттық әлеуетті дамыту мүмкіндіктері қарастырылады. Әсіресе мемлекеттік басымдық берілген металлургия, машина жасау, жеңіл өнеркәсіп, тамақ өнеркәсібі салалары зерттеліп, SWOT-талдау жасалды. Сонымен қатар экспорттағы үлесі жоғары тауарлар, өңдеу өнеркәсібінің динамикасы, өңдеу өнеркәсібі экспортының құрылымы, ҚР аймақтар тұрғысында өңдеу өнеркәсібінің өндірісі мен экспортына диаграммалар құрылды. Өңдеу секторы экономикалық өсімді қамтамасыз етуші факторға айналуы үшін дамыған елдердегідей ЖІӨ үлесі 40-50%-ға дейін жетуі керек, ал бізде 2017 жыл қорытындысы бойынша 17,7% құрады. Ал осы жылы өңдеу өнеркәсібі саласы экспорты жалпы экспорттың 31,6 % құрағанымен, сала экспортының ауқымды бөлігі өңделген дайын тауар емес жартылай шикізат күйінде сатылуда. Онда темір, болат, мыс, химиялық заттар, руда, мырыш, түсті металл, алюминий сияқты секторлардың үлесі басым. Дүниежүзілік банк деректері бойынша Қазақстанның өнеркәсіп өндірісі экспортында жоғары және орташа технологиялы экспорттың үлесі 0.41% ғана құрайды. Сондықтан да, Қазақстанның алдағы уақытта дамыған 30 елдің қатарына енуі үшін шикізатқа тәуелділікті еңсеріп, жоғары технология өндірісін дамытуы – өзекті мәселелердің бірі. Қазақстан өндірісті дамытып, шикізаттық тәуелділіктен арылу бойынша қолға алған бағытында табысты жұмыстар жүргізіп жатыр. *Соның бірі* – үдемелі индустриалды-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасының (ҮИИДМБ) нәтижесінде өңдеу саласының республика өнеркәсібіндегі үлесі оң динамиканы көрсетуде. Бағдарламаның негізгі мақсаты да өңдеу өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігін күшейту, еңбек өнімділігін арттыру және өңделген тауарлар экспортының көлемін ұлғайту болатын. Мақала соңында өңдеу саласына маманданған Ақмола, Алматы, Қарағанды, Түркістан, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарының экспортты дамыту мүмкіндіктері жоғары екендігі туралы тұжырым жасалған.

**Түйін сөздер:** Өңдеу өнеркәсібі, металлургия, экспорт, әртараптандыру, экономикалық өсім

### Аннотация

В данной статье проведен анализ состояния обрабатывающей промышленности Республики Казахстан. Для развития обрабатывающей промышленности первейшим условием является наличие обширной ресурсной базы. Для исследования данного вопроса в теоретическом аспекте были рассмотрены взгляды зарубежных ученых. Проведен сравнительный анализ данных на уровне регионов и в отраслевом разрезе с целью выявления потенциала развития экспорта. В особенности были изучены приоритетные для государства области металлургии, машиностроения, легкой и пищевой промышленности, а также проведен SWOT-анализ. Вместе с тем представлены диаграммы по товарам с высокой долей в экспорте, по динамике обрабатывающей промышленности, по структуре экспорта обрабатывающей промышленности, по объемам производства и экспорта обрабатывающей промышленности в разрезе регионов Республики Казахстан. Для того чтобы сделать обрабатывающий сектор фактором экономического роста, его вес внутри ВВП должен достигнуть 40–50%, как в развитых странах, у нас же по итогам 2017 года этот вес составил 17,7%. В этом году доля обрабатывающей промышленности внутри всего экспорта достигла 31,6%, однако основным содержанием этой доли выступили не конечные товары, а полуфабрикаты. Это в основном железо, сталь, медь, химикаты, руда, цинк, цветные металлы и алюминий. По данным Всемирного банка доля экспорта в высокотехнологичных и среднетехнологичных товаров обрабатывающей индустрии составила не более 0,41% во всем экспорте Казахстана. Поэтому для вхождения в число 30-ти наи-

1 ҚР БҒМ ҒК Экономика институтының жетекші ғылыми қызметкері, э.ғ.к.

E-mail: turkeeva21@mail.ru

2 ҚР БҒМ ҒК Экономика институтының ғылыми қызметкері, PhD докторант

E-mail: oljas\_06@mail.ru

более развитых стран мира. Казахстану предстоит снизить зависимость от экспорта сырья и развивать высокотехнологичное производство как наиважнейшее условие. В связи с этим Казахстан успешно проводит политику развития производства и преодоления сырьевой зависимости. Так, в результате реализации Государственной программы по форсированному индустриально-инновационному развитию (ГПФИИР) доля обрабатывающей отрасли во всей промышленности республики показала положительную динамику. Основной целью программы было повышение конкурентоспособности обрабатывающей промышленности, повышение производительности труда и увеличение доли экспорта готовых товаров. В конце статьи приводятся выводы о том, что у Акмолинской, Алматинской, Карагандинской, Туркестанской, Павлодарской и Восточно-Казахстанской областей, специализирующихся в сфере обработки, высокий потенциал для развития экспорта.

**Ключевые слова:** обрабатывающая промышленность, металлургия, экспорт, диверсификация, экономический рост.

### Abstract

This article has analyzed the state of the manufacturing industry of the Republic of Kazakhstan. For the development of the manufacturing industry the first condition is the availability of a vast resource base. To study this issue in the theoretical aspect were considered the views of foreign scientists. A comparative analysis of data at the regional and sectoral levels has been carried out in order to identify the potential for export development. In particular, the priority for the state areas of metallurgy, machine building, light industry and food industry were studied, and a SWOT analysis was carried out. At the same time, diagrams are presented for goods with a high share in exports, for the dynamics of the manufacturing industry, for the structure of exports for the manufacturing industry, for production volumes and exports of the manufacturing industry in the regions of the Republic of Kazakhstan. In order to make the manufacturing sector a factor of economic growth, its weight within GDP should reach 40-50%, as in developed countries, in 2017 we have this weight at 17.7%. This year, the share of the processing industry in total exports was 31.6%, but the main content of this share was not final goods, but semi-finished products. These are mainly iron, steel, copper, chemicals, ore, zinc, non-ferrous metals and aluminum. According to the World Bank, the share of exports of high-tech and medium-tech manufacturing goods amounted to no more than 0.41% in all exports of Kazakhstan. Therefore, to be among the 30 most developed countries in the world, Kazakhstan will have to reduce its dependence on the export of raw materials and develop high-tech production as the most important condition. In this regard, Kazakhstan is successfully pursuing a policy of developing production and overcoming commodity dependence. Thus, as a result of the implementation of the State Program on Forced Industrial-Innovative Development (SPAIID), the share of the manufacturing industry in the entire industry of the republic showed a positive trend. The main goal of the program was to increase the competitiveness of the manufacturing industry, increase labor productivity and increase the share of exports of finished goods. The article concludes that the Akmola, Almaty, Karaganda, Turkestan, Pavlodar and East Kazakhstan regions, specializing in processing, have a high potential for export development.

**Key words:** Manufacturing, metallurgy, export, diversification, economic growth

### Кіріспе

Әлемдік экономиканың қазіргі жағдайында кез келген мемлекет экономикалық өсуде бәсекеге түсуде, ал экономикалық өсімді экспортсыз қамтамасыз ету мүмкін емес. Қазақстан экспортында бүгінгі күнге дейін шикізат секторы басым. Гарвард университетінің профессоры R.Nausmann және т.б. ғалымдардың (2007) зерттеуінше мемлекет қаншалықты жоғары технологиялық тауарды экспорттаса, соншалықты ол мемлекет қуатты, бай болады [1]. Яғни өңдеу өнеркәсібі тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз етуші факторлардың бірі болып табылады. Қазіргі таңда елімізде өңдеу өнеркәсібіне басымдық беріліп, бұл саланың өсу қарқыны тұрақты.

Алайда еліміздің экономикасында шикізаттық экспорттың үлесі 2018 жылы 74,6 % құрап, әлі күнге дейін басымдық танытып отыр. Әлемдік шикізат бағасының құлдырауы экономикасы шикізатпен байланысты мемлекеттердің экспорт кірістерін төмендетіп, сәйкесінше импорттық тауар көлемінің қысқаруына алып келді. Экспорттық кірістің тұрақсыздығы мемлекетті елеулі шығындарға әкелуі мүмкін, себебі ол макроэкономикалық тұрақтылықтың маңызды көзі болып табылады. Бұл шикізат тауарларын экспорттайтын көптеген дамушы елдерде экономикаға нұқсан келтіреді. Ішкі сұраныстың тұрақсыздығы және инвестициялау тәуекелділігі жоғары болғандықтан, экспорттық түсімдегі тұрақсыздық инвести-

цияларды қысқартуы мүмкін, осылайша экономикалық өсуді төмендетеді [2]. Сондықтан да Қазақстан үшін шикізаттық емес секторды дамыту, өңдеу өнеркәсібін қолға алу арқылы экспортты әртараптандыру қазіргі уақытта күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі.

2017 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев халыққа арналған жолдауында 2025 жылға дейін шикізаттық емес экспортты 2 есе ұлғайту мақсатын қойды. Осы тапсырманы орындау үшін Үкімет 2018 - 2022 жылдарға арналған Ұлттық экспорттық стратегияны қабылдады, оның басты міндеті – тотандық экспорттаушыларға қаржылық және қаржылық емес қолдау көрсету, шикізаттық емес экспортты ұлғайту. Сонымен қатар шикізат емес экспорт көлемінің 2022 жылға қарай 1,5 есе артуына жағдай жасау, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспорт нарықтарын әртараптандыру [3]. Сондай-ақ жаңа тауар позициялар өндірісін енгізу және инновациялық өнімдердің үлесін арттыру, бұл инвестицияларды тартуға және шетелдік және отандық жаңа технологияларды тартуды көздейді. Бұл құжат 2010–2014 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының (ҮИИДМБ) жалғасы болып табылады.

Ендігі кезекте Қазақстан шикізаттық емес экспортқа бағыт алды. Енді ұлттық экономиканың өсуі үшін Қазақстан өзінің шикізат экспортын азайтып, әлемдік нарыққа табиғи ресурстарын өңделген дайын тауар күйінде экспортауы қажет. Осы жерде Қазақстанның мүмкіндіктері қаншалықты деңгейде? Бұл мақаланың мақсаты – осы сұраққа жауап іздей отырып, Қазақстанның өңдеу секторының экспортын талдау. Американдық ғалым Цезарь Идальгоның пікірінше мемлекет ең алдымен осы уақытқа дейін маманданған, базасы қалыптасқан салаларды қолға алуы қажет деп санайды. Ал Қазақстанда өңдеу өнеркәсібі 1920 жылдары қалыптаса бастағанымен, технологиялық ескіру, заманауи технологиямен жабдықталмауы, ішкі өткізу нарығының тарлығы, кадр мәселесі сияқты бұл сектордың да өзіндік проблемалары бар. Өйткені қазіргі күні өңдеу өнеркәсібі экспортының басым бөлігі дайын тауар емес, жартылай өңделген фабрикат күйінде сатылуда.

Өңдеу секторын дамытудың ерекше мүмкіндігі ретінде бұл салаға қажетті барлық шикізат қорлары елімізде жеткілікті.

### Әдебиеттерге шолу

Ел экономикасының өсуі үшін табиғи ресурстардың болуы қажет деген пікір экономисттер арасында қарама – қайшы пікірлерді тудырды. 1980 - шы жылдарға дейін экономика ғалымдары ұлттың дамуы үшін табиғи ресурстардың болуы қажет деп санады. Американдық ғалым W. Rostow-тың зерттеуінше мол табиғи ресурстардың болуы өндірісті өсірудің алғышарты, яғни мол табиғи ресурстар экономикалық өсімге оң әсер етеді. Ал 1980 жылдардан бастап ғалымдар бұл көзқарасқа күмәнмен қарай бастады. Өйткені G. Doppelhofer және т.б ғалымдар (2004) ресурстар Голланд ауруы синдромына әкеледі деген пікір атты [4]. A. Malik, J. Temple (2009) және J. Giovanni, A. Levchenko (2005) зерттеулері көрсеткендей, көптеген ресурстары бар елдер импортқа тәуелді болуға бейім келеді, бұл отандық өндіріс пен экспорттың тұрақсыздығына әкеліп соқтырады [5,6]. Сонымен қатар, A. Aditya, R. Acharyu (2015) және D. Acemoglu, F. Zilibotti (1997) экспорттың ауқымды бөлігін аз ғана тауар құрайтын елдердің экспорттық кірістері құбылмалы, бұл олардың импорттық шоттарын қаржыландыруды қиындатады. Ал әртараптандырылған экспорттық қоржынмен әлемдік нарықтағы өнімдердің бағалары бір-бірін тепе-теңдікпен теңестіруге мүмкіндік береді, бұл экспорттық табыстың тұрақты болуына әкеледі деген пікірді айтады [7,8]. Экспортты әртараптандыру, сондай-ақ жұмыс орындарын құру, ресурстарды бөлу және сапалы даму институттарын құруға көмектеседі [9]. Қазақстандық кейбір зерттеушілер шикізат ресурстары өңдеу саласын дамытудың алғышарты деп санайды.

Қазақстанда шикі мұнай, металл және ауылшаруашылық ресурстарға дейінгі көптеген табиғи ресурстар бар, бірақ ол экономиканың өсуіне оң әсер етуіне ықпал жасай алады ма? Қазақстан экспортында минералды ресурстар экспорттық қоржынның басым бөлігін алып отыр. Бұл экспорттық қоржынның тауар түрлерін көбейту мақсатында елдің экспорттық базасын әртараптандыру қажеттілігін талап етеді.

## Әдіснама

ҚР экспортының шоғырлану және әртараптану деңгейін экономист Оррис Херфиндал және Альберт Хиршманның құрметіне берілген Херфиндаль Хиршман индексі (ННІ) арқылы өлшеуге болады. Ол әрбір саланың нарықтық үлестерін квадратқа шығару, сосын алынған сандарды қосу арқылы есептеледі.

$$ННІ = S_1^2 + S_2^2 + \dots + S_n^2 \quad (1)$$

S – сала экспортының ел экспортындағы үлесі,  
n - нарықтағы салалардың саны.


Индекс нөлден 10 000 дейін өзгеруі мүмкін. Яғни, 0,1800-0,10000 көрсеткіштері бар салалар жоғары шоғырланған (әртараптандыру деңгейі төмен). 0,1000-0,1800 – орташа шоғырланған және <0,1000 – төмен шоғырланғанға жатады (әртараптандыру деңгейі жоғары).

Сонымен қатар өңдеу өнеркәсібінің жалпы статистикалық мәліметтері аймақ және сала бойынша салыстырылып, экспорттық әлеуетті

дамыту мүмкіндіктері қарастырылады. Әсіресе мемлекеттік басымдық берілген металлургия, машина жасау, жеңіл өнеркісіп, тамақ өнеркәсібі салалары зерттеліп, SWOT-талдау жасалды. Сондай-ақ экспорттағы үлесі жоғары тауарлар, өңдеу өнеркәсібінің динамикасы, өңдеу өнеркәсібі экспортының құрылымы, ҚР аймақтар тұрғысында өңдеу өнеркәсібінің өндірісі мен экспортына диаграммалар құрылған. Негізгі мәліметтер ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, ҚР ҚМ Мемлекеттік кіріс комитетінің деректері қолданылады.

## Нәтиже

ННІ формуласы негізінде 2012-2017 жылғы ҚР жалпы экспортының әртараптандыру деңгейі есептелді. Яғни алдымен әр саланың экспорттағы үлесі анықталып алынды. ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметі бойынша жалпы экспорт 11 салаға бөлінген.



Сурет 1 – ННІ индексі бойынша ҚР экспорттың шоғырлану және әртараптандыру деңгейі

Суреттен байқағанымыздай соңғы 6 жыл ішіндегі ҚР экспортының әртараптандыру деңгейі біркелкі емес өзгерістерді көрсетеді. 2013-2016 жылдары Херфиндаль-Хиршман индексіне 0,6537-ден 0,4601-ге дейін төмендеу сақталған. Дегенмен, экспорттың шоғырлану деңгейі орташа деңгейден асады (Херфиндаль-Хиршман индексі бойынша – 0,1000-0,1800). 2013 жылы тек минералдардың экспорты ел экспортының 80 % құрағандықтан ең жоғарғы шоғырлану деңгейі тіркелген. Бұл дегеніміз ел

экспортының әлі де болса жеткілікті деңгейде әртараптандырылмағанын көрсетеді. Яғни экспорттың ауқымды бөлігі бірнеше ғана өнім түрлерінің үлесіне тиесілі (2 - кесте).

Елдің жалпы экспортының 70% жуығы тек 5 өнімнің үлесінде. Олар: минералды отындар, темір және болат, мыс және мыстан жасалған өнімдер, органикалық емес химиялық заттар, рудалар және шлак. Келесі кестеден еліміздің экспортындағы үлесі жоғары он тауарды көре аламыз.

Кесте 1 – Экспорттың шоғырлануы

	2013	2014	2015	2016	2017
5 көп экспортталатын өнімнің үлесі	79,4%	77,8%	73,4%	68,1%	69,1%
10 көп экспортталатын өнімнің үлесі	85%	83,2%	80,4%	76,1%	77,5%
20 көп экспортталатын өнімнің үлесі	90,4%	88,4%	87%	83,6%	84,7%
Экспорт көлемі 1 млн АҚШ долларынан асатын тауарлар саны	499	485	442	485	479
Экспорт көлемі 10 млн АҚШ долларынан асатын тауарлар саны	150	157	119	128	136
Ескерту – [10] дерекөзінен алынды .					

Кесте 2 – Экспорттағы үлесі жоғары тауарлар (млн АҚШ долл.)

№	Экспортталған тауар түрі	Тауар коды	2016 жыл	2017 жыл
1	Минералды отындар, минералды майлар және оларды айдау өнімдері	27	22 334	30 679
2	Темір және болат	72	2 750	4 186
3	Мыс және мыстан жасалған өнімдер	74	1 918	2 526
4	Органикалық емес химиялық заттар; қымбат металдардың органикалық немесе бейорганикалық қосылыстары, сирек кездесетін металдар	28	2 413	2 168
5	Рудалар, шлак	26	1 193	2 102
6	Мырыш және оның өнімдері	79	553	837
7	Дәнді дақылдар	10	816	829
8	Қымбат бағалы тастар, қымбат металдар, түсті металл	71	649	594
9	Алюминий және оның өнімдері	76	382	533
10	Крахмалдар; инулин; бидайдың глютені	11	518	487
Ескерту – [11] дереккөз негізінде құрастырылды.				

Кестеден көргеніміздей ел экспортының басым бөлігін минералды ресурстар құрайды. Қазіргі таңда экспорттың 74,4% минералды ресурстардың үлесінде [12]. Оның ішінде темір, болат, мыс, химиялық заттар, руда, мырыш, түсті метал, алюминий сияқты өңдеу өнеркәсібінің жеті секторы бар. Дүниежүзілік банк деректері бойынша Қазақстанның өнеркәсіп өндірісі экспортында жоғары және орташа технологиялы экспорттың үлесі 0,41% ғана құрайды [13].

Өңдеу секторы экономикалық өсімді қамтамасыз етуші факторға айналуы үшін дамыған елдердегідей ЖІӨ үлесі 40-50%-ға дейін жетуі керек, ал бізде 2017 жыл қорытындысы бойынша 17,7% құрады. Қазақстан алдағы уақытта дамыған 30 елдің қатарына енуі үшін жоғары технологиялық өндірісті дамыту арқылы шикізатқа тәуелділікті еңсеріп және жоғары қосылған құны бар салаларға басымдық берілгені жөн. 2019 жылы өңдеу өнеркәсібін қолдау

мақсатында мемлекет тарапынан 500 млрд теңге көлемінде бөлу жоспарлануда. Сондай-ақ отандық экспортушылардың алдындағы бірқатар кедергілерді реттеу маңызды.


Қазақстанның өңделген тауарлар экспортын дамытуға экспорттық тауарларды әртараптандыру; тауарларды экспортқа шығаруы кеткен шығындар; қазақстандық тауарға қатысты шетел мемлекеттерінің тарифтік және тарифтік емес кедергілері; қазақстандық экспортерлердің аз ақпараттанғаны секілді факторлар әсер етеді [14]

ҚР өңдеу өнеркәсібін металлургия өнеркәсібі, машина жасау, мұнай өңдеу өнімдерін өндіру, тамақ өнімдерін өндіру, жеңіл өнеркәсіп, негізгі фармацевтикалық өнімдерді өндіру, химиялық өнеркәсіп өнімдерін өндіру, қағаз және қағаздан жасалған өнімдерді өндіру, кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру, резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру, өзге де металл емес минералды өнімдерді өндіру, жиһаз өндіру т.б өңдеу салалары



қамтиды. Жалпы өңдеу өнеркәсібі 2016 жылы 8046 млрд теңгенің өнімін шығарса, 2017 жылы 9400 млрд теңгеге дейін өскен. 2016 жылмен салыстырғанда 2017 жылдың қорытындысы бойынша саланың ЖІӨ үлесі 17,7 % құрады. Мемлекеттік басымдық берілген секторларын алсақ, негізінен металлургия 25,5%, машина жасау 30,1%, химия өнеркәсібі 17,1%, азық-түлік өнімдерін өндіру 5,3%, жеңіл өнеркісіп 18,9%, фармацевтика 52,9%, мұнай өңдеу 11,5%

өскен. Жалпы сала тұрақты өсу динамикасын көрсетіп отыр, тек 2009 жылы бүкіләлемдік дағдарыс және 2015 жылы әлемдік шикізат бағасының құлдырауынан төмендеу болған. (ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері негізінде құрастырылған 2 сурет). Мұндай жағдай экспорттың әртараптандырылмағанын көрсетеді, өйткені экспорттық қоржын бағаның ауытқуына тәуелді, бұл ел экономикасына теріс әсер етуі мүмкін.



Сурет 2 – Қазақстан Республикасы өңдеу өнеркәсібінің динамикасы (млрд тг.)

Өңдеу өнеркәсібінің негізгі экспорттық тауарлары тазартылған мыс катодтар мен катодтар секциялары, феррохром, табиғи уран, өңделмеген цинк, сектор экспортының жартысынан көбі бидай ұны және өңделмеген қоспасыз алюминий болып табылады [10]. Сала бойынша металлургия экспортында ең көп өсу байқалады. Отандық өңдеу өнеркәсібі экспортының негізгі нарығы Қытай (24%) және Ресейге (17%) экспортталады. Сондай-ақ жаңа нарыққа шыққан дайын өнімнің экспортты да артты:

- феррокорытпалар 85%-ға (624 млн - нан 1,2 млрд АҚШ долларына дейін) Қытай, Жапония, АҚШ, Корея, Германия, Ресей;
- мұнай өнімдері 97%-ға (259 - дан 510 млн АҚШ долларына дейін) Нидерланды, Қырғызстан, Ресей;

- мыс 22%-ға (902 миллионнан 1,1 миллиард АҚШ долларына дейін) Қытай, Біріккен Араб Әмірліктері, Түркия, Ұлыбритания;
- мырыш 58% (240 - дан 379% млн АҚШ долларына дейін) Қытай, Түркия, Вьетнам, Украина елдеріне;
- пропан мен бутан 65%-ға (222-ден 366 млн долларға дейін) Ауғанстан, Алжир, Тәжікстан, Венгрия, Польша, Түркия.
- алюминий 34%-ға (158 - ден 211 млн АҚШ долларына дейін) Греция, Түркия, Болгария.

2010 жылмен салыстырсақ Қазақстанның экспорты 777 дайын тауар позицияларын құрады, ал 2016 жылы локомотивтер, мотор майлары, түйетауық жұмыртқасы, киім, мақта талшықтары, шыны бұйымдары, ауыл шаруашылығы техникасы, картридждер және тағы басқалары бар 100-ден жаңа өнім қосылды. Бүгінгі таңда өңдеу өнеркәсібі

экспортының номенклатурасы 2 861 тауардан құралған, олардың ішінде 223 тауар бойынша Қазақстан ғаламдық салыстырмалы артықшылыққа қол жеткізді. Яғни Қазақстанда экспортқа бағытталған салалар дамып келеді, бұл елдің экспорттық әлеуеті бар екендігін көрсетеді. Елдегі мол ресурс экспорттық әлеуетті дамыту үшін негіз болып табылады. Экспорттық әлеуеті бар негізгі салалардың бірі - металлургия өнеркәсібі.

Металлургия өнеркәсібінің негізгі өнімдері – қара және түсті металдар.

Металлургия өнеркәсібіне әлемдік нарықтағы сұраныстың 6% үлесі немесе 1 трлн АҚШ доллары тиесілі. Әлемдік металлургия саудасында Қазақстанның үлесі шамамен 0,5% құрайды. Саланың 2016 жылы тауар айналымы 9,3 млрд АҚШ долларын құрады, оның ішінде 6,2 млрд (66%) - экспорт (2,5% өсу). Қазақстанның барлық салаларының ішінде сыртқы саудадағы металлургия өнеркәсібінің үлесі 15%, ал өңдеу саласында 68% құрайды (3 кесте).

Кесте 3 – Өңдеу өнеркәсібі экспортының құрылымы, 2017 ж.

	Өңдеу өнеркәсібі	
1	Металлургия	68,1 %
2	Кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру	12,6 %
3	Тамақ өнімдерін өндіру	6,3 %
4	Химиялық өнеркәсіп өнімдерін өндіру	4,7 %
5	Машина жасау	1,4 %
6	Электр жабдықтарын өндіру	0,88 %
7	Жеңіл өнеркәсіп	0,70 %
8	Темекі бұйымдарын өндіру	0,60 %
9	Құрылыс материалдарын өндіру	0,5 %
10	Резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру	0,4 %
11	Басқа салалар	0,25 %
Ескерту – [12] дереккөз негізінде құрастырылды.		

Металлургия саласының көптеген тауар позицияларында Қазақстан әлемдік көшбасшы болып табылады. Ферросиликохром (1 орын), кадмий (3), тантал (5), мырыш (7), қорғасын (8), висмут (9), титан (11) Экспорт құрылымындағы ең үлкен көлем қара металдар – 45%, мыс және оның өнімдері – 31%. Металлургиялық өнімдердің негізгі алушылары – Қытай, Ресей, Түркия, Иран, Жапония [15]. Соңғы жылдары қара және түсті металдарды өндіру мен экспорттау көлемдері мен номенклатурасы бойынша өсіп келеді, бірақ елдегі осы металдардың ішкі тұтынуы өте нашар, өндірілген түсті металдың 93-97% шетелге кетеді. Қазақстанда отандық металдан жоғары технологиялық өнімдер (жоғары қосылған құны бар өнімдер) іс жүзінде өндірілмейді және экспортталмайды.

Елде болат, машина жасау және болаттар мен қорытпаларды өндіру арқылы өңдеу өнеркәсібінің маңызды салаларының бірі болып табылатын қара және түсті металлургия өнімдерінің түрін кеңейту қажеттілігі ұзақ уақытқа созылды. Қазақстандағы осындай салаларды ұйымдастыру үшін ресурстық әлеует жоғары, бұл өнімдердің экспорттық әлеуеті Еуразия кеңістігімен ғана шектелмейді.

Кесте 4 – **Металлургия өнеркәсібіне SWOT талдау**

Күшті жағы	Әлсіз жағы
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Шикізат базасының молдығы</li> <li>- Дамыған инфрақұрылым</li> <li>- Әлемдік нарықта металлға сұраныстың артуы</li> <li>- Метал түрлерінің алуан түрлілігі</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Технологиялық ескіру</li> <li>- Өңдеудің төмен деңгейі</li> <li>- Metallургия өнеркәсібінің шикізатының көпшілігі экспортталады</li> <li>- Жетекші кәсіпорындардың шетелдік компаниялардың бақылауында болуы</li> </ul>
Мүмкіндіктері	Қауіп қатерлер
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Металл өнімдерінің ауқымын кеңейту</li> <li>- Металл өнімдеріне бағаның тұрақты өсуі</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Шикізат қорларының сарқылу қаупі</li> <li>- Соңғы 10 жыл ішінде мыс, мырыш пен алтынның жаңа бәсекеге қабілетті кен орындарын табу мүмкін болмауы</li> <li>- Жинақталған білім мен техникалық тәжірибені жоғалту</li> </ul>
Ескерту – [15] дереккөз негізінде автормен құрастырылды.	

*Машина жасау.* Metallургия өнеркәсібін дамыту машина жасау саласымен тікелей байланысты. Машина жасау саласы әлемдік сауданың ең ірі тауарлық тобы болып табылады. Әлемдік сұраныста машина жасау өндірісінің үлесі 42% немесе 6,7 трлн АҚШ долларын құрайды. Қазақстанның машина жасау саласында әлемдік саудадағы үлесі 0,1% алады – бұл 10,3 млрд АҚШ долларын құрайды. Машина жасау саласының құрылымы 3 негізгі топқа бөлінген: жалпы машина жасау (машина құрастыру, ауыр машина жасау және т.б.); көлік машина жасау (автомобиль, аэроғарыштық өнеркәсіп, кеме жасау және теміржол өндірісі); электротехника, электроника.

Қазақстанда машина жасау өнеркәсіптің өңдеу секторында өндіріс көлемі бойынша металлургия және азық-түлік өндірісі салаларынан кейін үшінші орын алады. Өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлеміндегі соңғы он жыл ішінде машина жасау өнімдерінің үлесі 3,0%-дан 3,5%-ға дейін өсті. Тек 2012 жылы айтарлықтай өсіп, 4,2%-ға жетіп, 2014 жылы 4,9%-ға дейін көтерді. Алайда 2015-2017 жж. 4,5%-дан 4,0%-ға төмендегенін байқаймыз. Машина жасау өнеркәсібінде жабдықтар мен қондырғылар (35%), электромобильдер (26%), жер үсті көлігі (20%), кемелер мен қайықтар (10%) экспортынан тұрады. Негізгі экспорт өнімдері – автомобильдер, батареялар, коммутаторлар, трансформаторлар және т.б. Сала өнімдері 100 елге экспортталады.

Көптеген жылдар бойы машина жасау өнімдерінің негізгі экспорттық нарығы Ресей болды (25 % үлес). Онда аккумуляторлар мен подшипниктердің үлесі көп. Басқа тауарлар арасында трансформаторлар, таратушы тақталар және т.б. бар. Машина жасаудың келесі сату нарығы – Өзбекстан (15 % үлес). Негізінен Қазақстан өзбек нарығына автомобильдерді (81 % үлесін) экспорттайды. Сондай-ақ, автомобильдерді жеткізу реэкспортқа да ие болуы мүмкін. Мысалы, Өзбекстан Ресейден автокөліктерді Қазақстан арқылы әкелуі мүмкін. Үшінші орында – АҚШ (8 % үлес) [16].

Қазақстанда ҮИИДБ аясында машина жасау саласына үлкен мән беріліп, соңғы жылдары оң динамика көрсетіп отыр. Алдағы уақытта саланың экспорттық әлеуетін арттыру мүмкіндіктері жоғары.

*Химия өнеркәсібі.* Әлемдік саудада химия өнеркәсібі машина жасаудан кейін екінші орында. Оның әлемдік сұраныстағы үлесі 14% немесе 2,2 трлн АҚШ долларын құрайды. Бұл саланың өнімдері әртүрлі тұтыну өнімдерін өндіру үшін кеңінен пайдаланылады, жалпы алғанда, сала өнімдері халық шаруашылығының барлық салаларында қолданылады. Химия өнеркәсібінің құрылымына пластмасса, фармацевтикалық өнімдер, органикалық химиялық заттар, басқа химиялық өнімдер, резеңке, резеңке және олардан жасалған бұйымдар, эфир майлары, косметика, бейорганикалық химия өнімдері, пигменттер, бояғыштар, сабын, жуғыш заттар, крахмалдар, желімдер, фото және пленка өнімдері; жарылғыш заттар т.б.




Химия өнімдері экспортының 47% – Еуропалық Одақ елдерімен жүзеге асырылады. Саланың экспорт құрылымында дәрі-дәрмектер, пластмасса бұйымдары, резеңкеден жасалған шиналар т.б. заттар бар.

Химия өнеркәсібінің әлемдік саудасындағы Қазақстанның үлесі 0,2% құрайды, бұл шамамен 6,7 млрд АҚШ долл., оның 2,6 млрд АҚШ долл. (44% үлесі) экспорттық

жеткізілімдер, \$ 4,1 млрд АҚШ долл. (56%) импорт. Қазақстанның экспорт құрылымында химиялық тауарлардың үлесі 8% [17].

Аймақтар тұрғысынан қарағанда химия өнеркәсібі Жамбыл облысында біршама дамыған. Өйткені облыстағы өңдеу өнеркәсібінің 23,7% химия саласы өндірген. Сурет 3-те аймақтар тұрғысында өңдеу өнеркәсібінің өндіріс көлемі берілген.




Сурет 3 – ҚР аймақтар тұрғысында өңдеу өнеркәсібінің өндірісі 2017 ж. (млрд тг)

Сурет 3-тен байқағанымыздай көш басында 1,8 трлн теңгеге өңдеу өнеркәсібінің тауарын өндірген Қарағанды облысы тұр. Өйткені облыста өңдеу өнеркәсібінің қара және түсті металлургия саласы дамыған. Облыс аумағында Республиканың марганец рудасының 100%, бариттің 70%, вольфрамның 85%, молибденнің 65%, қорғасынның 54%, мырыштың 38%, мыстың 36%, көмір қорының 32%, оның ішінде барлық 100% кокстелетін көмір, волластониттың 78%, алтын қорының 9%-ға жуығы шоғырланған. Марганец қоры бойынша Қарағанды облысы әлемде 3-ші орынды, ал ТМД елдері бойынша 2-ші орынды алады. Облыста мыс, қорғасын және мырышты өндіретін Қазақмыс корпорациясы жұмыс істейді. Екінші орында 1,2 трлн теңгемен Шығыс Қазақстан облысы тұр. Облыста машина жасау және металл өңдеу өнеркәсібі,

ағаш өңдеу өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп, тамақ өнеркәсібі, құрылыс материалдары өнеркәсібі жақсы дамыған. Үшінші – 1,1 трлн теңгемен Павлодар облысы. Облыс Қазақстанның ірі индустриалды орталығы, ол электрэнергия, балшық, мұнайды қайта өңдеу, тағам өнеркәсібі және құрылыс материалдарын өндіруге бағытталған көпсалалы өнеркәсіп кешенін құрайды. Аймақтағы жетекші сала өндірістің 70% қамтамасыз ететін металлургия өнеркәсібі мен металдарды өңдеу болып табылады [10]. Сала өндірісінің ең төменгі көрсеткіші Қызылорда облысында байқалады. Себебі Қызылорда облысы тау-кен өндірісі, мал шаруашылығы мен ауылшаруашылық саласына маманданған.

Келесі суреттен облыстардың өңдеу өндірісінің экспортының көлемін көре аламыз. (4 сурет)




Сурет 4 - ҚР аймақтар тұрғысында өңдеу өнеркәсібінің экспорты, 2017 ж. (млн АҚШ долл.)

2017 жылы ҚР өңдеу өнеркәсібінің экспорт көлемі 2016 жылмен салыстырғанда 17,5% ұлғайып және 15,4 млрд АҚШ долларын құрады, яғни ел экспортының жалпы көлемінің 32% тең. Аймақтар тұрғысынан өңдеу өнеркәсібі тауарларын 3,8 млрд АҚШ долл. көлемінде экспорттап, Республика бойынша осы сала экспортының 25% үлесімен Қарағанды облысы көш бастап тұр. Сонымен қатар өңдеу өнеркәсібі экспортының үлесі аймақ экспортының жалпы көлемінде 88% құрайды. Облыстың өңдеу өнеркәсібінің негізгі экспортталатын тауарлары мыс катодтары, темірден немесе қоспасыз болаттан жалпақ прокат және темірден немесе қоспасыз болаттан шыбықшалар болып табылады. Өңдеу өнеркәсібінің экспорты бойынша екінші орынды Ақтөбе облысы алады – 2,4 млрд АҚШ долл. (өңдеу өнеркәсібінің жалпы экспортынан 15%). Облыстың өңдеу өнеркәсібі экспортының меншікті салмағы – 60%. Өңдеу өнеркәсібінің негізгі экспортталатын тауарлары – феррохром, пропан және хром оксидтері және хлоридтері. Өңдеу өнеркәсібінің экспорты бойынша үшінші орында Шығыс Қазақстан облысы тұр – 2,3 млрд. АҚШ долл. (өңдеу өнеркәсібінің жалпы экспортынан 14,7%). Облыстың өңдеу өнеркәсібі экспортының меншікті салмағы – 86%. Негізгі экспортталатын тауарлар – цинк, күміс

құймалар, тазартылған мыс және тазартылған қорғасын [10].

Өңдеу өнеркәсібі экспортының меншікті салмағы бойынша Жамбыл облысы көшбасшы болып табылады, онда өңдеу өнеркәсібінің экспортына облыстың экспортының жалпы көлемінен 96% келеді. Бұдан кейін Алматы облысы (90%) және Қарағанды облысы (88%) орын алады. Өңдеу өнеркәсібі экспортының аса жоғары меншікті салмағы экспортында өңдеудің бірінші (төмен) дәрежесіндегі шикізат немесе басқа өнім басымдыққа ие облыстар байқалады – ол Маңғыстау (3,5%), Батыс Қазақстан (3,9%) және Атырау (7%) облыстары (5 сурет).

Сонымен қатар 2016-2017 жылдарда өңдеу өнеркәсібі экспортының ең жоғары жылдық өсімі Жамбыл облысында – 3 есеге, 219-нан 730 млн АҚШ долларына дейін (уран, сары фосфор, тоқыма материалдары, тыңайтқыштар есебінен), Қызылорда облысы – 66%, 60-нан 99 млн АҚШ долларына дейін (уран есебінен), Атырау облысы – 64%, 726-нан 1 187 млн АҚШ долларына дейін (дистиляттар, пропан және бутан) және Ақтөбе облысы – 50%, 1 571-ден 2 352 млн АҚШ долларына дейін өсім (феррохром) байқалды [10].



Сурет 5 – Аймақтар экспортының жалпы көлеміндегі өңдеу өнеркәсібі тауарларының экспорт үлесі, 2017 ж.

### Қорытынды

Сонымен 2018 жылдың нәтижесі бойынша өңдеу өнеркәсібі экспортын негізгі салалары – металлургия, машина жасау, мұнай өңдеу, химия саласы болды. Соңғы жылдары машина жасау саласы қарқынды дамып келеді. Бұл салалардың тұрақты дамуы алдағы уақытта экспортты тиімді әртараптандыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар экспортты сапалы әртараптандыруда ғаламдық бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізу үшін қажетті деңгейге дейін жаңа өнімдерді дамыту қажет. Американдық ғалым Цезарь Идальгоның пікірінше өндірісті жоғары технологияға қарай әртараптандырмайтын елдер кедей күйінде қала береді, ал осы тосқауылдарды жеңіп шыққандар байи береді. Яғни Қазақстан болашақта қазіргі жағдаймен салыстырғанда жақсы немесе нашар өмір сүруі мүмкін. Сондықтан өндірісті дамытудағы талпынысты тоқтатпау керек [18].

Экономикалық даму теориясына сәйкес экономикалық даму үшін елдің өндірістік және сауда құрылымын мамандандыру және әртараптандыру дәрежесі маңызды болып табылады. Экспортты әртараптандыру бұл – дағдарыстан шығу кезіндегі уақытша науқан емес, экономикалық дамудың құралы. Алайда әр мемлекет әртараптандыруды географиялық, өндірістік, ресурстық ерекшелігіне қарай жүзеге асырған жөн [19]. Бірақ дамушы

елдер экономикалық өсімге жету немесе салыстырмалы артықшылыққа жету үшін мамандандырылған экспорттық өндірісті әртараптандыруы қажет [20]. Елімізде өңдеу секторына маманданған Ақмола облысы, Алматы облысы, Қарағанды облысы, Түркістан облысы, Павлодар облысы, Шығыс Қазақстан облыстары осы секторды әрі қарай дамыту арқылы, Қазақстанда өңдеу өнеркәсібінің «локомотиві» болуына мүмкіндіктері жоғары. Себебі аталған аймақтарда жеткілікті деңгейде база қалыптасқан. Сонымен қатар әлемдік жаһандану заманында технологиялық жаңғыру арқылы шикізат немесе жартылай фабрикат күйіндегі экспортты азайтып, жоғары технологиялық өнім өндірісін дамыту және оның экспортын жоғарылату қажет.

Қазақстан өндірісті дамытып, шикізаттық тәуелділіктен арылу бойынша қолға алған бағытында табысты жұмыстар жүргізіп жатыр. *Соның бірі* – үдемелі индустриалды-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасының (ҮИИДМБ) нәтижесінде өңдеу саласы Республика өнеркәсібіндегі өсімнің негізгі қозғаушы күшіне айналды. Бағдарламаның негізгі мақсаты да өңдеу өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігін күшейту, еңбек өнімділігін арттыру және өңделген тауарлар экспортының көлемін ұлғайту болатын. Бүгінде Қазақстандық өңдеу өнеркәсібінің титан, мыс бұйымдары, бу турбинасы, радиаторлар,

сусындар мен кондитерлік өнімдер және т. б. өнімдері әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті тауарлар қатарына еніп, әлемнің 110 еліне экспортталады. Еліміз мықты өнеркәсіп секторын қалыптастыру арқылы әлемдік шикізат бағасына тәуелділіктен құтылып, тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ете алады.

## Әдебиеттер

1. Ricardo Hausmann, Jason Hwang , Dani Rodrik. What you export matters. *Journal of Economic Growth*. March 2007, Volume 12, Issue 1, pp 1 – 25.
2. Atish R. Ghosh, Jonathan D. Ostry. Export Instability and the External Balance in Developing Countries. *International Monetary Fund Staff Papers*, 1994, vol. 41, issue 2, pages 214 - 235.
3. «Қазақстан Республикасының ұлттық экспорттық стратегиясы» 2018 - 2022 жылдарға арналған бағдарламасы.
4. Gernot Doppelhofer, Ronald I. Miller, Xavier Sala – i - Martin. Determinants of Long - Term Growth: A Bayesian Averaging of Classical Estimates (BACE) Approach. *American Economic Association*, 2004, vol. 94 (4), pages 813 - 835.
5. Adeel Malik, Jonathan R. W. Temple. The geography of output volatility. *Journal of Development Economics*, Volume 90, Issue 2, November 2009, pages 163-178.
6. Julian di Giovanni, Andrei A. Levchenko. Openness, Volatility and the Risk Content of Exports. *International Monetary Fund*. – 2005, December 22.
7. Anwesha Aditya, Rajat Acharyya. Trade liberalization and export diversification. *International Review of Economics & Finance*. Volume 39, September 2015, pages 390 -410.
8. Daron Acemoglu, Fabrizio Zilibotti. Was Prometheus Unbound by Chance? Risk, Diversification, and Growth. *Journal of Political Economy*. 1997, Volume 105, Number 4.
9. Bassam A. Albassam. Economic diversification in Saudi Arabia: Myth or reality? *Resources Policy*. Volume 44, June 2015, pages 112 - 117.
10. Қазақстанның өңделген өнімдерін экспорттауға арналған әлеуетті мүмкіндіктерді аймақтар тұрғысында талдау. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі. – Шаңырақ - Медиа, - 2018 ж.
11. List of products exported by Kazakhstan [Электронный ресурс]. URL: [https://www.trademap.org/tradestat/Product\\_SelCountry\\_TS.aspx?nvpm](https://www.trademap.org/tradestat/Product_SelCountry_TS.aspx?nvpm) (дата обращения: 01. 02. 2019)
12. Ресми статистикалық ақпарат. Сыртқы және өзара сауда статистикасы. [Электронный ресурс]. URL: [http://stat.gov.kz/faces/wcnav\\_externalId/homeNumbersCrossTrade?](http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersCrossTrade?) (дата обращения: 01. 02. 2019)
13. [Электронный ресурс]. URL: <https://data.worldbank.org/country/kazakhstan> (дата обращения: 01. 02. 2019)
14. Чуланова З.К., Алимбетова Ж.С. Қазақстан экспортының бәсекеге қабілеттілігін арттыруды зерттеуге әдістемелік тәсілдемелер. *ҚазҰУ Хабаршысы*. - 2016. - № 1. - Б. 188 - 197. - (халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы)
15. Түркеева К.А. Экспортные стратегии государства в условиях структурной диверсификации казахстанской экономики // *Экономика: стратегия и практика*. – 2018. - № 2 (46). – С. 74 - 81
16. Машиностроение. Отраслевой обзор. АО «Национальная компания «Kazakh Invest» Министерство по инвестициям и развитию Республики Казахстан. – 2017 г.
17. Химическая отрасль. Отраслевой обзор. АО «Национальная компания «Kazakh Invest» Министерство по инвестициям и развитию Республики Казахстан. – 2017 г.
18. Идальго Цезарь. Почему у Казахстана пока мало шансов стать развитой страной. *Forbes Kazakhstan*. 23 февраля 2018.
19. Адилханов О. Қазақстанда экспортты әртараптандырудың мүмкіндіктері // *Международная научно-практическая конференция «Экономическая наука Казахстана: поиски и решения», посвященной 100-летию со дня рождения академика Т.А. Ашимбаева (18 мая 2018 г.)*. – Алматы. – 2018. – 652 с. – С. 224 - 230
20. Naudé Wim, Rossouw Riaan. Export diversification and economic performance: evidence from Brazil, China, India and South Africa. *Economic Change and Restructuring*. April 2011, Volume 44, Issue 1 – 2, pp 99 – 134

## References

1. Ricardo Hausmann, Jason Hwang, Dani Rodrik. What you export matters. *Journal of Economic Growth*. March 2007, Volume 12, Issue 1, pp 1 – 25.
2. Atish R. Ghosh, Jonathan D. Ostry. Export Instability and the External Balance in Developing Countries. *International Monetary Fund Staff Papers*, 1994, vol. 41, issue 2, pages 214 - 235.
3. «Qazaqstan Respublikasınıń ulttıq ékspörttıq strategiyası» 2018 - 2022 jıldarǵa arnalǵan baǵdarlaması.
4. Gernot Doppelhofer, Ronald I. Miller, Xavier Sala - i - Martin. Determinants of Long - Term Growth: A Bayesian Averaging of Classical Estimates (BACE) Approach. *American Economic Association*, 2004, vol. 94 (4), pages 813 - 835.
5. Adeel Malik, Jonathan R. W. Temple. The geography of output volatility. *Journal of Development Economics*, Volume 90, Issue 2, November 2009, pages 163-178.
6. Julian di Giovanni, Andrei A. Levchenko. Openness, Volatility and the Risk Content of Exports. *International Monetary Fund*. – 2005, December 22.
7. Anwesha Aditya, Rajat Acharya. Trade liberalization and export diversification. *International Review of Economics & Finance*. Volume 39, September 2015, pages 390 -410.
8. Daron Acemoglu, Fabrizio Zilibotti. Was Prometheus Unbound by Chance? Risk, Diversification, and Growth. *Journal of Political Economy*. 1997, Volume 105, Number 4.
9. Bassam A. Albassam. Economic diversification in Saudi Arabia: Myth or reality? *Resources Policy*. Volume 44, June 2015, pages 112 - 117.
10. Qazaqstannıń óndelgen ónimderin ékspörtawǵa arnalǵan álewetti múmkindikterdi aymaqtar turǵısında taldaw. *Qazaqstan Respublikası Investiciyalar jáne damw ministrligi*. – Şañıraq - Media, - 2018 j.
11. List of products exported by Kazakhstan [Elektronnyy resurs]. URL: [https://www.trademap.org/tradestat/Product\\_SelCountry\\_TS.aspx?nvpm](https://www.trademap.org/tradestat/Product_SelCountry_TS.aspx?nvpm) (data obrašcheniya: 01. 02. 2019)
12. Resmı statistikalıq aqparat. Sırtqı jáne ózara sawda statistikası. [Elektronnyy resurs]. URL: [http://stat.gov.kz/faces/wcnav\\_externalId/homeNumbersCrossTrade?](http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersCrossTrade?) (data obrašcheniya: 01. 02. 2019)
13. [Elektronnyy resurs]. URL: <https://data.worldbank.org/country/kazakhstan> (data obrašcheniya: 01. 02. 2019)
14. Çwlanova Z.K., Alımbetova J.S. Qazaqstan ékspörtınıń bāsekege qabiletiligin arttırdı zertteuge ādistemelik tāsildemeler. *QazUW Xabarşısı*. - 2016. - №1. - B. 188 - 197. -(xalıqaralıq qatınastar jōne xalıqaralıq quqıq seriyası)
15. Turkeyeva K.A. Eksportnyye strategii gosudarstva v usloviyakh strukturnoy diversifikatsii kazakhstanskoy ekonomiki // *Ekonomika: strategiya i praktika*. – 2018. - № 2 (46). – S. 74 - 81
16. Maşınostroeniye. Otrasevyy obzor. AO «Nacionalnaya kompaniya «Kazakh Invest» Ministerstvo po investiciyam i razvitiyu Respubliki Kazaxstan. – 2017 g.
17. Ximicheskaya otrasl. Otrasevyy obzor. AO «Natsionalnaya kompaniya «Kazakh Invest» Ministerstvo po investitsiyam i razvitiyu Respubliki Kazakhstan. – 2017 g.
18. Tsezar' Idal'go. Pochemu u Kazakhstana poka malo shansov stat' razvitoy stranoy. *Forbes Kazakhstan*. 23 fevralya 2018.
19. Adilkhanov O. Kazakstanda eksportty ertaraptandyrudıń múmkindikterı // *Mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii «Ekonomicheskaya nauka Kazakhstana: poiski i resheniya»*, posvyashchennoy 100-letiyu so dnya rozhdeniya akademika Ashimbayeva Tuymbaya Ashimbayevicha. (18 maya 2018 g.) g. Almaty. – 652 s. – S. 224 – 230
20. Naudé Wim, Rossouw Riaan. Export diversification and economic performance: evidence from Brazil, China, India and South Africa. *Economic Change and Restructuring*. April 2011, Volume 44, Issue 1 – 2, pp 99 – 134